

Еттің жекелеген түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлудің кейбір мәселелері туралы

Күші жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 24 наурыздағы № 269 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 10 сәуірдегі № 213 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 10.04.2015 № 213 қаулысымен.

«Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес

Ескерту. Кіріспе жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1189 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Қоса беріліп отырған:

1) Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидалары;

2) Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағына қатысушы елдермен еркін сауда туралы келісім жасалмаған, не тауарға қатысты еркін сауда режимінен алып қою қолданылатын елдерден шығатын және әкелінген етті Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін 2011 жылға арналған тарифтік квоталардың көлемдері;

3) сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында 2011 жылға арналған тарифтік квоталар көлемдерін бөлу (1-кезең) бекітілсін.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1189 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

2. Мыналардың күші жойылды деп танылсын:

1) «Еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемін бөлу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2333 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 5, 70-кұжат);

2) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы № 2333 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 21 шілдедегі № 750 қаулысы (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 2010 ж., № 45, 406-кұжат);

3) «Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 31 желтоқсандағы №

2333 қаулысына толықтырулар мен өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2010 жылғы 25 желтоқсандағы № 1411 қаулысы.

3. Қазақстан Республикасы Сыртқы істер министрлігі бір апта мерзімде Еуразиялық экономикалық қоғамдастықтың Интеграциялық комитетінің Хатшылығын Қазақстан Республикасының Үкіметі қабылдайтын сыртқы сауда қызметін реттеу шаралары туралы хабардар етсін.

4. Осы қаулы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

<i>Премьер-Министрі</i>	<i>Қазақстан</i>	<i>Республикасының</i>
Қазақстан	<i>К. Мәсімов</i>	Республикасы
Үкіметінің		
2011 жылғы	24	наурыздағы
№ 269	қаулысымен	
бекітілген		

Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталардың көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидалары

Ескерту. Қағидалар жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 08.11.2013 № 1189 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасына еттің кейбір түрлерін әкелуге арналған тарифтік квоталар көлемдерін сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында бөлу қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) «Сауда қызметін реттеу туралы» 2004 жылғы 12 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленген және тарифтік квоталар көлемдерін сыртқы сауда қызметін реттеу құралы ретінде бөлудің тәртібі мен әдісін айқындайды.

2. Лицензияларды беру тәртібі мен мерзімдері Қазақстан Республикасының лицензиялау туралы заңнамасында айқындалады.

2. Терминдер мен анықтамалар

3. Осы Қағидаларда мынадай ұғымдар пайдаланылады:

1) осының алдындағы кезең – тарифтік квота белгіленетін жылдың тікелей

алдындағы екі жыл;

2) өнім беруші елдер – Кеден одағына және Бірыңғай экономикалық кеңістікке қатысушы елдер еркін сауда туралы келісім жасаспаған не тауарға қатысты еркін сауда режимінен алып қою қолданылатын елдер;

3) тауарды тарихи өнім берушінің әкелу көлемі – өнім беруші елдерде шығарылған, осының алдындағы кезең үшін Қазақстан Республикасының аумағына «ішкі тұтыну үшін шығару» кедендік рәсімінде әкелінген тауарлардың заттай мәндегі саны»;

4) коммерциялық пайдалы сан – тауардың 25 килограмнан астам көлемі;

5) тарифтік квота көлемі – әкелінуіне Кеден одағының Бірыңғай кеден тарифі кедендік әкелу баждарының квотаішілік мөлшерлемелері бойынша салық салынатын, Қазақстан Республикасының Үкіметі күнтізбелік бір жылға айқындайтын тауарлар көлемі;

6) тарихи өнім беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген, мынадай өлшемдерге сәйкес келетін заңды немесе жеке тұлға:

осының алдындағы кезеңде немесе тікелей осы жылдың алдындағы тарифтік квота белгіленген жылдың ішінде өнім беруші елдерден тауарды «ішкі тұтыну үшін шығару» кедендік рәсімінде әкелуді жүзеге асыруы тиіс;

тікелей осы жылдың алдындағы тарифтік квота белгіленген жылдың ішінде тауарды әкелу көлемі коммерциялық пайдалы саннан кем болмауы тиіс;

7) тауар – өнім беруші елдер шығарған, оларға қатысты тарифтік квота белгіленген еттің кейбір түрлері;

8) жаңа өнім беруші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген, тауардың тарихи өнім берушісі болып табылмайтын заңды немесе жеке тұлға;

9) қайта өңдеуші – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкер ретінде тіркелген, мынадай өлшемге сәйкес келетін заңды немесе жеке тұлға:

осы Қағидаларға 1-қосымшада көрсетілген Экономикалық қызметтің түрлері бойынша өнімдер жіктеуішінің кодтарымен жіктелетін ет өнімінің өндірісін квота белгіленетін жылдың алдындағы жыл ішінде жүзеге асыруы тиіс;

10) сыртқы сауда қызметіне қатысушылар – Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес дара кәсіпкерлер ретінде тіркелген заңды немесе жеке тұлғалар.

Ескерту. 3-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Үкіметінің 27.02.2014 № 157 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

3. Тарифтік квоталардың көлемдерін бөлу тәртібі

4. Кеден ісі саласындағы уәкілетті орган тоқсан сайын, есепті тоқсаннан кейінгі айдың 15-күніне қарай сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға және ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға мынадай: Кеден одағы Сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының 10 белгісі деңгейінде кедендік рәсімдерді көрсете отырып, сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар шығарған елдер бөлінісінде еттің заттай және құндық көлемдері туралы ақпаратты 0201, 0202, 0203, 0207-позициялары бойынша ұсынады.

Көрсетілген ақпарат ішкі тұтыну үшін тауарларды шығару күні бойынша қ а л ы п т а с т ы р ы л а д ы .

5. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган жыл сайын:

1) тарифтік квота белгіленген жылдың 1 қаңтарынан бастап 31 желтоқсанға дейін мыналарға: жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара мал етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелу үшін лицензия алуға өтініштер беру кезектілігі тәртібімен сыртқы сауда қызметіне қ а т ы с у ш ы л а р ғ а ;

лицензия алуға өтініш беру кезектілігі тәртібімен құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелу үшін жаңа өнім берушілерге;

сиыр (коды КО СЭҚ ТН 0202), шошқа (коды КО СЭҚ ТН 0203) және құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелу үшін тарифтік квоталарды бөлу нәтижелері бойынша есептелген көлемде тарихи өнім берушілерге; сиыр (коды КО СЭҚ ТН 0202), шошқа (коды КО СЭҚ ТН 0203) етін әкелу үшін тарифтік квоталарды бөлу нәтижелері бойынша есептелген көлемде қайта өңдеушілерге лицензиялар беруді жүзеге асырады;

2) тарифтік квоталар белгіленетін жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қазанына дейін түсіндірулер беру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, www.minplan.gov.kz, www.comtorg.kz, www.trade.gov.kz интернет ресурстарында өзіне қатысты тарифтік квота белгіленетін тауардың атауы туралы ақпаратты, жаңа өнім берушілер мен сыртқы сауда қызметіне қатысушылар үшін айқындалған тарифтік квотаның көлемін, жаңа өнім берушілер мен сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың тауар әкелуі үшін шарттарды орналастырады;

3) тарифтік квота белгіленетін жылдың алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерін тарихи өнім берушілер арасында бөлудің бірінші кезеңін, сондай-ақ тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлудің бірінші кезеңін бекіту бойынша Үкіметтің тиісті шешімінің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады;

4) тарифтік квота белгіленетін жылдың алдындағы жылдың 1 сәуіріне дейін тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерін тарихи

өнім берушілер арасында бөлудің екінші кезеңін, сондай-ақ тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлудің екінші кезеңін бекіту бойынша Үкіметтің тиісті шешімінің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады.

6. Ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган жыл сайын:

1) тарифтік квоталар белгіленетін жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қазанына дейін түсіндірулер беру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, www.minagri.gov.kz интернет ресурсында қайта өңдеушілер арасында бөлінетін тауардың түрлері мен көлемін көрсете отырып, тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге қатысу үшін қайта өңдеушілерден өтінімдер қабылдау туралы хабарламаны, сондай-ақ өтінімдерді қабылдау мерзімдері туралы ақпаратты о р н а л а с т ы р а д ы ;

2) тарифтік квоталар белгіленетін жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 қарашасына дейін (қоса алғанда) қайта өңдеушілер үшін айқындалған тарифтік квоталарды бөлуге қатысу үшін қайта өңдеушілерден өтінімдер жинауды жүзеге а с ы р а д ы ;

3) тарифтік квоталар белгіленетін жылдың тікелей алдындағы жылдың 15 қарашасына дейін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті органға қайта өңдеушілер талап етпеген тарифтік көлемдер туралы ақпаратты ұсынады;

4) тарифтік квоталар белгіленетін жылдың тікелей алдындағы жылдың 1 желтоқсанына дейін қайта өңдеушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерін қайта өңдеушілер арасында бөлуді, сондай-ақ қайта өңдеушілер үшін бөлінген тарифтік квоталарды қайта өңдеушілер арасында бөлуді бекіту бойынша Үкіметтің тиісті шешімінің жобасын әзірлеуді жүзеге асырады.

7. Тарихи өнім берушілер арасында сиыр (коды КО СЭҚ ТН 0202) шошқа (коды КО СЭҚ ТН 0203) және құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелуге тарифтік квоталар көлемдерін бөлу осы Қағидаларда айқындалған Тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа өнім берушілер арасында құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелуге тарифтік квотаның көлемдерін бөлу осы Қағидаларда айқындалған Жаңа өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Қайта өңдеушілер арасында сиыр (коды КО СЭҚ ТН 0202) және шошқа етін (коды КО СЭҚ ТН 0203) әкелуге тарифтік квоталар көлемдерін бөлу осы Қағидаларда айқындалған Қайта өңдеушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісіне сәйкес жүзеге асырылады.

Жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге сыртқы сауда қызметіне қатысушылар арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу Жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге тарифтік квоталар көлемдерін бөлу әдісіне сәйкес жүзеге а с ы р ы л а д ы .

8. Тарихи өнім берушілердің, жаңа өнім берушілердің, қайта өңдеушілердің және сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың арасында тарифтік квоталардың жыл сайын белгіленетін көлемдерін бөлу мынадай:

тарихи өнім берушілерге: сиыр етін (коды КО СЭҚ ТН 0202) әкелуге тарифтік квотаның белгіленген көлемінің 55 %-ы, шошқа етіне (коды КО СЭҚ ТН 0203) 70 %, құс етіне (коды КО СЭҚ ТН 0207) 90 %;

қайта өңдеушілерге: сиыр етін (коды КО СЭҚ ТН 0202) әкелуге тарифтік квотаның белгіленген көлемінің 45 %-ы, шошқа етіне (коды КО СЭҚ ТН 0203) 30 %

; жаңа өнім берушілерге: құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелуге тарифтік квотаның белгіленген көлемінің 10 %-ы;

сыртқы сауда қызметіне қатысушыларға: жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге тарифтік квотаның белгіленген көлемінің 100 %-ы.

9. Тарифтік квоталар көлемдері өнім беруші елдер арасында Еуразиялық экономикалық комиссияның шешімі бойынша осының алдындағы кезеңде көрсетілген елдерден әкелу көлеміне барабар бөлінуі мүмкін.

4. Тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісі

10. Тарихи өнім берушілер үшін бөлінген тарифтік квоталар көлемдерін тарихи өнім берушілер арасында бөлу екі кезеңде жүзеге асырылады.

11. Бірінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушілер арасында тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемінің 25 пайызы бөлінеді.

Әрбір тарихи өнім берушілердің тарифтік квотасының көлемін есептеу әрбір өнім беруші үшін тауардың әрбір түрі бойынша мынадай формула бойынша жеке жүргізіледі:

$$q_9 = \frac{V_I + V_{II-9}}{V'_I + V'_{II-9}} * 0,25 * Q$$

м ұ н д а ғ ы :

q_9 – бірінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушіге бөлінген тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

Q - тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квотаның жылдық көлемі, килограммен;

V_I – осының алдындағы кезеңнің бірінші жылында тарихи өнім берушінің тауарды әкелу көлемі, килограммен;

V_{II-9} - тарифтік квота белгіленген жылдың алдындағы жылдың 9 айында

тарихи өнім берушінің тауарды әкелу көлемі, килограммен;

V'_I – тарифтік квота белгіленген жылдың тікелей алдындағы жылдың 9 айында әкелуді жүзеге асыратын барлық тарихи өнім берушілердің осының алдындағы кезеңнің бірінші жылында тауарды әкелу көлемі, килограммен;

V'_{II-9} - тарифтік квота белгіленген жылдың тікелей алдындағы жылдың 9 айында барлық тарихи өнім берушілердің Қазақстан Республикасының аумағына тауарды әкелу көлемі, килограммен.

12. Екінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушілердің арасында тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерінің 100 пайызы б ө л і н е д і .

Әрбір тарихи өнім берушінің тарифтік квотасының көлемін есептеу әрбір өнім беруші үшін тауардың әрбір түрі бойынша мынадай формула бойынша жеке жүргізіледі:

$$q_{12} = \frac{V}{V'} * Q - q_9$$

м ұ н д а ғ ы :

q_{12} – екінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушіге бөлінген тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

Q – тарихи өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квотаның жылдық көлемі, килограммен;

q_9 – бірінші кезең шеңберінде тарихи өнім берушіге бөлінген тарифтік квотаның көлемі, килограммен;

V – осының алдындағы кезеңде тарихи өнім беруші жүзеге асырған тауарды әкелу көлемі, килограммен;

V' – тарифтік квота белгіленген жылдың тікелей алдындағы жылы әкелуді жүзеге асырған барлық тарихи өнім берушілердің осының алдындағы кезеңде тауарды әкелу көлемі, килограммен.

13. Осы Қағидалардың 11 және 12-тармақтарында белгіленген формулалар бойынша жүргізілген есептердің нәтижелері математикалық түрде тұтас санға дейін дөңгелектенеді (килограмм мәніне дейін).

Егер есеп нәтижелері бойынша тарихи өнім беруші үшін алынған тарифтік квотаның көлемі коммерциялық пайдалы саннан кем болса, онда осы көлем қалған тарихи өнім берушілер арасында бөлінеді.

5. Жаңа өнім берушілер арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу әдісі

14. Жаңа өнім берушілер арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу әкелуге лицензия алуға жаңа өнім берушілердің өтініштер беруінің кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады.

Жаңа өнім берушілер үшін көзделген тарифтік квоталар көлемдерін сарқылғанға дейін әкелуге лицензияны сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган береді.

15. Лицензия алу үшін өтінім берілген тауардың көлемі коммерциялық пайдалы саннан кем болмауы тиіс және жаңа өнім берушілер үшін бекітілген тарифтік квотаның жалпы көлемінің 15 %-ынан аспауы тиіс.

Ескерту. 15-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Үкіметінің 27.02.2014 № 157 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

16. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган құс етін әкелуге (коды КО СЭҚ ТН 0207) лицензиялар берілген тарифтік квоталардың көлемі туралы және бөлінбей қалған көлем туралы мәліметтерді www.minplan.gov.kz, www.comtorg.kz, www.trade.gov.kz интернет ресурстарында апта сайын жариялайды.

6. Қайта өңдеушілер арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу әдісі

17. Қайта өңдеушілер арасында тарифтік квоталар көлемдерін бөлу қайта өңдеушілердің өтінімдері негізінде жүзеге асырылады.

18. Қайта өңдеушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге қатысу үшін қайта өңдеушілер ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті органға мынадай құжаттарды:

еттің әрбір түрі бойынша тарифтік квоталардың қажет етілетін көлемін көрсете отырып, сондай-ақ дайын тауардың әрбір түрі бойынша дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылған шикізат көлемінде еттің әрбір түрінің үлесін көрсете отырып осы, Қағидаларға 2-қосымшада белгіленген нысан бойынша өтінімді;

кәсіпорынның (дара кәсіпкерлер үшін – өнеркәсіптік өнім өндірумен айналысатын дара кәсіпкерлерді іріктеп байқап тексеру сауалнамасы) осының алдындағы толық жыл үшін құжатты қабылдау туралы статистика органының белгісімен өнімді өндіру және жөнелту туралы статистика органдарына есебінің нотариатта куәландырылған көшірмесін (не салыстырып тексеру үшін құжаттың түпнұсқасын міндетті түрде ұсынған кезде көшірмені) ұсынады.

19. Егер барлық қайта өңдеушілер өтінім берген тауардың көлемі қайта өңдеушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлеміне тең немесе одан аз

болса, онда тарифтік квоталар көлемі қайта өңдеушілер арасында сұратылатын көлемге сәйкес бөлінеді.

Қайта өңдеушілер пайдаланбаған тарифтік квоталар көлемдері Тарихи өнім берушілер арасында тарифтік квоталарды бөлу әдісіне сәйкес тарихи өнім берушілер арасында бөлінеді.

20. Егер барлық қайта өңдеушілер өтінім берген тауардың көлемі қайта өңдеушілер үшін бөлінген тарифтік квоталар көлемінен асып кетсе, онда тарифтік квота көлемі тарифтік квоталар көлемдерін бөлудің алдындағы толық жылға әрбір қайта өңдеушінің еттің әрбір түрін тұтынуының көлеміне пропорционалды түрде мынадай формулалар бойынша бөлінеді:

1)

$$V_{\text{тұтыну}}^{\Gamma} = \frac{P * K * S^{\Gamma}}{100\%};$$

$$V_{\text{тұтыну}}^C = \frac{P * K * S^C}{100\%}$$

м ұ н д а ғ ы :

$V_{\text{тұтыну}}^{\Gamma}$ – тарифтік квоталар көлемін алуға өтінім берген қайта өңдеушінің сиыр етін тұтыну көлемі, килограммен;

P – кәсіпорынның өнімді өндіру және жөнелту туралы статистика органдарына есебінде (дара кәсіпкерлер үшін өнеркәсіптік өнімнің өндірумен айналысатын дара кәсіпкерлерді іріктеп байқап тексеру сауалнамасы) көрсетілген қайта өңдеуші өндірісінің көлемі, килограммен;

K – осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ет өнімдерін етке ауыстыру коэффициенті;

S^{Γ} – дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын шикізаттың жалпы көлемінде сиыр етінің үлесі, пайыздық мәнде;

$V_{\text{тұтыну}}^C$ – қайта өңдеушінің шошқа етін тұтыну көлемі, килограммен;

S^C - дайын өнімді өндіру кезінде пайдаланылатын шикізаттың жалпы көлемінде шошқа етінің үлесі, пайыздық мәнде;

2)

$$D^{\Gamma} = \frac{V_{\text{тұтыну}}^{\Gamma}}{\sum V_{\text{тұтыну}}^{\Gamma}} * 100\% ;$$

$$D^C = \frac{V_{\text{тұтыну}}^C}{\sum V_{\text{тұтыну}}^C} * 100\%$$

м ұ н д а ғ ы :

D^{Γ} – тарифтік квоталар көлемдерін алуға өтінім берген қайта өңдеушілердің сиыр етін тұтынуының жалпы көлемінде қайта өңдеушінің үлесі, пайыздық м ә н д е ;

ΣV^{Γ} - барлық өтінім берген қайта өңдеушілердің сиыр етін тұтыну көлемінің с о м а с ы , к и л о г р а м м е н ;

D^C - тарифтік квоталар көлемдерін алуға өтінім берген қайта өңдеушілердің шошқа етін тұтынуының жалпы көлемінде қайта өңдеушінің үлесі, пайыздық м ә н д е ;

ΣV^C - барлық өтінім берген қайта өңдеушілердің шошқа етін тұтыну көлемінің сомасы, килограммен;

3)

$$V_{\text{trq}}^{\Gamma} = \frac{V_{\text{trq}}^{\text{O}\Gamma} * D^{\Gamma}}{100\%};$$
$$V_{\text{trq}}^C = \frac{V_{\text{trq}}^{\text{O}C} * D^C}{100\%}$$

м ұ н д а ғ ы :

V_{trq}^{Γ} – қайта өңдеуші үшін есептелген сиыр етін (коды КО СЭҚ ТН 0202) әкелуге тарифтік квотаның көлемі;

$V_{\text{trq}}^{\text{O}\Gamma}$ – қайта өңдеушілер үшін сиыр етін (коды КО СЭҚ ТН 0202) әкелуге тарифтік квотаның жалпы көлемі;

V_{trq}^C – қайта өңдеуші үшін есептелген шошқа етін (коды КО СЭҚ ТН 0203) әкелуге тарифтік квотаның көлемі;

$V_{\text{trq}}^{\text{O}C}$ – қайта өңдеушілер үшін шошқа етін (коды КО СЭҚ ТН 0203) әкелуге тарифтік квотаның жалпы көлемі.

21. Егер қайта өңдеуші өтінім берген тарифтік квотаның көлемі жоғарыда көрсетілген формулалар бойынша кәсіпорын үшін есептелген тарифтік квотаның көлемінен аз болса, онда қайта өңдеушіге тарифтік квотаның өтінім берілген көлемі айқындалады, қалған көлемдері қалған қайта өңдеушілер арасында еттің әрбір түрі бойынша тұтынудың жалпы көлемінде олардың үлестері пропорционалды түрде бөлінеді.

22. Осы Қағидалардың 20-тармағында белгіленген формулалар бойынша жүргізілген есептердің нәтижелері математикалық түрде тұтас санға дейін дөңгелектенеді (килограмм мәніне дейін).

Егер есеп нәтижелері бойынша қайта өңдеуші үшін тарифтік квотаның

алынған көлемі коммерциялық пайдалы саннан кем болса, онда осы көлем басқа қайта өңдеушілер арасында бөлінеді.

23. Кедендік квота әкелу баждарын төлеуден босатуды болжайтын кедендік рәсімдерде тауарды әкелуді жүзеге асыратын қайта өңдеушілерге бөлінбейді.

Кедендік баждарды төлеуден босату іс-қимылдары тоқтатылған жағдайда қайта өңдеушілер тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге жалпы негіздерде қ а т ы с у ғ а қ ұ қ ы ғ ы б а р .

24. Ауыл шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган тарифтік квота қолданылатын жылдан бастап:

1) 1 қазанға дейін нақты әкелінген ет туралы деректерді ағымдағы жылғы бірінші жартыжылдықта қайта өңдеушілер өндірген өнімнің көлемімен с а л ы с т ы р ы п т е к с е р е д і ;

2) 1 сәуірге дейін нақты әкелінген ет туралы деректерді толық өткен жылы ет өнімдерін қайта өңдеушілер өндірген ет өнімінің көлемімен салыстырады.

Егер қайта өңдеушінің әкелу көлемі етке қайта есептеуде ет өнімі өндірісінің көлемінен асып кететін жағдайларда, осы қайта өңдеуші келесі 2 жылға тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге қатысу құқығынан айырылады.

25. Бөлінген тарифтік квоталар көлемдерін пайдаланбаған қайта өңдеушілер келесі 2 жылға тарифтік квоталар көлемдерін бөлуге қатысу құқығынан а й ы р ы л а д ы .

Қайта өңдеушілер пайдаланбаған тарифтік квоталар көлемдері осы Қағидаларда айқындалған әдіске сәйкес басқа қайта өңдеушілерге қайта бөлуге ж а т а д ы .

Тарифтік квоталарды келесі жылдарға бөлу кезінде тарифтік квотаның бөлінген көлемін ішінара пайдаланған қайта өңдеушілер үшін тарифтік квотаның көлемі бұрын әкелінген көлемнен аспайтын деңгейде белгіленеді.

7. Жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге тарифтік квоталарды бөлу әдісі

26. Жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге тарифтік квоталардың көлемдерін бөлу сыртқы сауда қызметіне қатысушылардың әкелу үшін лицензия алуға өтініштер беру кезектілігі тәртібімен жүзеге асырылады.

Әкелуге лицензияны жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелу үшін көзделген тарифтік квоталардың көлемі сарқылғанға дейін сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган береді.

27. Лицензия алу үшін өтінім берілген тауардың көлемі жаңа сойылған

немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) әкелуге белгіленген квотаның жалпы көлемінен аспауы тиіс.

28. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін әкелуге (коды КО СЭҚ ТН 0201) лицензиялар берілген тарифтік квоталардың көлемдері туралы және бөлінбей қалған көлемдер туралы мәліметтерді www.minplan.gov.kz, www.comtorg.kz, www.trade.gov.kz интернет ресурстарында апта сайын жариялайды.

8. Өтпелі ережелер

29. Сауда қызметін реттеу саласындағы уәкілетті орган:

1) 2013 жылғы 15 қарашаға дейін түсіндірулер беру үшін байланыс деректерін көрсете отырып, www.minplan.gov.kz, www.comtorg.kz, www.trade.gov.kz интернет ресурстарында жаңа өнім берушілер үшін айқындалған тарифтік квоталар көлемдерін көрсете отырып, кедендік баждардың квотаішілік мөлшерлемелері бойынша жаңа сойылған немесе мұздатылған ірі қара малдың етін (коды КО СЭҚ ТН 0201) және құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелуге лицензия алудың жаңа өнім берушілер үшін мүмкіндіктері туралы х а б а р л а н д ы р у о р н а л а с т ы р а д ы :

2) 2013 жылғы 15 қарашадан бастап 31 желтоқсанға дейін жаңа қайта өңдеушілерге құс етін (коды КО СЭҚ ТН 0207) әкелуге лицензиялар беруді өтініштер беру кезектілігі тәртібімен жүзеге асырады:

30. Осы Қағидалардың 25-тармағының бірінші бөлігінің ережесі тарифтік квотаның бөлінген көлемін 2015 жылдан бастап пайдаланбаған қайта өңдеушілерге қолданылады.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н а
еттің кейбір түрлерін әкелуге
арналған тарифтік квоталардың
көлемдерін бөлу қағидаларына
1-қосымша

Қазақстан Республикасының экономикалық қызмет түрлері бойынша өнімдердің жіктеуіші

Коды	Атауы
1013 14	Еттен, еттік қосымша өнімдерден немесе малдың қанынан жасалған шұжық және ұқсас бұйымдар
1013 15	Еттен жасалған дайын жартылай фабрикаттар мен еттік қосымша өнімдерден басқа, өзге де еттен, еттік қосымша өнімдер немесе мал қандарынан жасалған дайын және консервіленген өнімдер

Қазақстан Республикасына
еттің кейбір түрлерін әкелуге
арналған кейбір тарифтік квоталардың
көлемдерін бөлу қағидаларына
2-қосымша

Өтінім

(қайта өңдеушінің толық атауы)

Мыналарды:

_____ тонна көлемінде сиыр етін (коды КО СЭҚ ТН 0202);

_____ тонна көлемінде шошқа етін (коды КО СЭҚ ТН 0203)

импортқа квота бөлуді сұрайды.

Кәсіпорнымызда дайын өнім өндірісінде шикі ет түрлерінің қатынасы мынадай:

Дайын өнімнің атауы	Өндірістің көлемі (жылдар бойынша)	Дайын өнім өндіру кезінде пайдаланылатын сиыр етінің үлесі, %	Дайын өнім өндіру кезінде пайдаланылатын шошқа етінің үлесі, %

Әкелінетін шикізатты мақсатына қарай пайдалануға міндеттенеміз.

Бірінші басшы _____ (Т.А.Ә.)

М.О. (күні)

Қазақстан Республикасына
еттің кейбір түрлерін әкелуге
арналған кейбір тарифтік квоталардың
көлемдерін бөлу қағидаларына
3-қосымша

Ет өнімдерін етке аудару коэффициенттері

Өнім	Коэффициент
Шұжық өнімдері (орташа коэффициент)	1,37
Пісірілген шұжықтар, жіңішке шұжықтар, сардельдер	1,2
Жартылай ысталған шұжықтар	1,7
Пісіріліп ысталған шұжықтар	2,0
Шикілей ысталған шұжықтар	2,5
Ет консервілері:	
шартты банкілерден қайта есептеу үшін	0,5

салмағынан (тонна) есептеу үшін	1,4
Ет-өсімдік консервілері	0,18

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы
 № 2 6 9 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

Беларусь Республикасының, Қазақстан Республикасының және Ресей Федерациясының Кеден одағына қатысушы елдермен еркін сауда туралы келісім жасалмаған, не тауарға қатысты еркін сауда режимінен алып қою қолданылатын елдерден шығатын және әкелінген етті Қазақстан Республикасының аумағына әкелу үшін 2011 жылға арналған тарифтік квоталардың көлемдері

СЭҚ ТН коды	Тауардың атауы, тауарлардың шыққан елі	Көлемі, тонна
0201	Ірі қара малдың еті, жас немесе тоңазытылған	20
0202	Ірі қара малдың еті, мұздатылған	10 000
0203	Шошқаның жас, тоңазытылған немесе мұздатылған еті	7 400
0207	0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының еті және тағамдық қосымша өнімдері, жас, тоңазытылған немесе мұздатылған	110 000

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы
 Ү к і м е т і н і ң
 2 0 1 1 ж ы л ғ ы 2 4 н а у р ы з д а ғ ы
 № 2 6 9 қ а у л ы с ы м е н
 бекітілген

Сыртқы экономикалық қызметке қатысушылар арасында 2011 жылға арналған тарифтік квоталар көлемдерін бөлу (1-кезең)

Р/с №	СЭҚ-ке қатысушылардың атауы	С Э Қ - к е қ а т ы с у ш ы л а р д ы ң С Т Н - і	тонна
1	2	3	4
Ірі қара малдың еті, мұздатылған (СЭҚ ТН 0202 коды)			
1	«Кублей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	271800004553	740,504
2	«Фахрад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400236114	494,358
3	«Агропродукт ЛТД» ЖК, Сұлтанғалиев Асан Меңдібайұлы	271812413934	117,767
4	ЖК Сүлейманов Жігерхан Дәулетханұлы	430110158050	187,846
5	«Орал Логистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100235356	184,369
6	«United Industries» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400520260	141,542

7	«Фирма «Рассвет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	061800258789	100,514
8	«Заман-PVL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500244239	95,059
9	«Класс Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» біріккен кәсіпорны	150900009128	96,786
10	«Etalim Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	620300298576	136,407
11	«Асадар» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	182700238227	62,936
12	«Семей ет комбинаты» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	182700217070	35,762
13	«Kazakhstan Commerce Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400540749	26,097
14	«Стерх» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	361800035735	7,888
15	«Constant-A» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700207397	10,568
16	«Unimrex» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100235587	1,120
17	ЖК О.Н.Загуменнова	151010745189	0,122
18	«Golden fish ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400531728	0,293
19	«Ваол лтд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600900584463	0,051
20	«Astra» ЖК, Көмекбаев Жандос Жұмағазыұлы	600411876903	0,009
	ЖИЫНЫ		2 500,0
Шошканың жас, тоназытылған немесе мұздатылған еті (СЭҚ ТН 0203 коды)			
1	«Орал Логистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100235356	564,795
2	«Агропродукт ЛТД» ЖК, Сұлтанғалиев Асан Мендібайұлы	271812413934	239,255
3	«Оптовая Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	090500217222	286,801
4	«Фахрад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400236114	357,124
5	«Etalim Group» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	620300298576	108,939
6	ЖК Трубин Николай Михайлович	301211725531	85,777
7	«Беккер и К» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600200026766	64,502
8	«Павлодарский Смак» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500246863	37,384
9	«Заман-PVL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500244239	27,454
10	Ахметова Любовь Арыстанқызы	061811722785	6,536
11	«Класс Продукт» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі» біріккен кәсіпорны	150900009128	18,021
12	«Артон-KZ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	182700237702	10,948
13	«Zaman» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500257638	20,365
14	«Unimrex» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100235587	5,229
15	ЖК Звягинцев Виктор Александрович	271810163811	6,536
16	ЖК Қуатов Сағидолла Самиғоллаұлы	271812660697	4,565
17	«Стерх» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	361800035735	2,151
18	«Кублей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	271800004553	3,265
19	Бұрақанов Нұрлан	151011357479	0,353
	ЖИЫНЫ		1 850,000
0105 тауар позициясында көрсетілген үй құсының еті және тағамдық қосымша өнімдері, жас, тоназытылған немесе мұздатылған (СЭҚ ТН 0207 коды)			
1	«Орал Логистик» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100235356	5 010,754

2	«Фахрад» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400236114	3 060,205
3	«Фирма «Рассвет» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	061800258789	2 786,043
4	«Агора-М» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	061800228171	1 505,424
5	«АЛТА-XXI век» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	391700074672	1 634,853
6	«Опт Торг Company plus» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	391700222672	1 353,748
7	«Каскад LLC» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500214062	1 143,987
8	«Компания Айс Фуд. Астана» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	620300307634	1 722,508
9	«Казпродукт-2030» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	301900217816	966,460
10	«Ұлан-Б» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	582100271440	1 212,648
11	«Заман-PVL» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500244239	644,408
12	«Алмас-2000» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	301900211581	1 084,740
13	«Торговый дом Казрос-П» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600900163377	404,013
14	«ПродСервисАктобе» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	061800284854	541,934
15	«Голд Фрейк» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700610810	654,196
16	«Хладоленд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	270100219859	473,954
17	«Оптовая Компания» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	090500217222	334,484
18	«Фрост Ко» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	582100259756	420,895
19	«Агропродукт ЛТД» ЖК, Сұлтанғалиев Асан Меңдібайұлы	271812413934	288,918
20	«Береке» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	302000063623	324,803
21	«КРОМЭКСПО-А» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400503810	148,362
22	Мамешев Рахым Рахатұлы	061811124557	205,929
23	«Meat team» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600500578497	209,512
24	«Престиж» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700184636	324,533
25	«Санылау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500255616	193,105
26	«Талапкер плюс» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	061800279110	158,407
27	«Zaman» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	451500257638	146,022
28	ЖК Сулейманов Жігерхан Дәулетханұлы	430110158050	179,143
29	«АқтауИнвестҚұрылыс 1» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	430100252482	135,778
30	«Стерх» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	361800035735	75,769
31	«Рид-Ақтау» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	430600020072	90,405
32	ЖК Звягинцев Виктор Александрович	271810163811	27,157
33	«The Caspian international restaurants company» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600700587757	27,268
34	«Кублей» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	271800004553	2,801
35	«Интерфуд» ҚТБҚ» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің Алматы облыстық филиалы	090900021750	1,477
36	«Класс Продукт» БК жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	150900009128	2,471
37	«Golden fish ltd.» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600400531728	1,539
38	ЖК Грушкевич Светлана Степановна	430610631301	0,152

39	Бұрақанов Нұрлан	151011357479	0,152
40	«Interfood» («Интерфуд») ҚГБК» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі	600900146916	0,995
41	Салихов А.Д.	150310015631	0,049
	ЖИЫНЫ		27 500,0

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК